

“ЖАНАЙҚАЙ”
ҚАШАНДА
ЖАНДАРЫҢЫЗДАН
ТАБЫЛАДЫ



ЖАНАЙҚАЙ 08

Түркиядағы
“жемқорлық
операциясы”:
АҢЫЗЫ МЕН АҚИҚАТЫ

ТҮРКІ ДҮНИЕСІ 07



ТЕРРОРИЗМНІҢ
“ата-бабасы”
қайда жатыр?

САЯСАТ 04



КЕЛЕШЕК ҮШІН БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ!

ҚАЗАҚСТАН ZAMAN

www.kazakhstanzaman.kz

Газет 1992 жылдың 17 қаңтарынан шыға бастады

№1 (972) 9 ҚАҢТАР 2014 ЖЫЛАН ЖЫЛЫ

Бөлшек саудадағы бағасы келісімді

ҚАЗАҚСТАН
ЖАНАЙҚАЙ
АҚПАРАТТЫҚ
ЖАНАЙҚАЙ
СІЯСАТ

ЖЫЛАШАР АҚ ТІЛЕК

**Армысыз,
«Қазақстан-ZAMAN»-ға
ен таққан
қадірлі оқырман!**

Уақыт дөнен қандай жүйрік! ХХІ ғасырдың табалдырығын кеше ғана аттаған тәрізді едік, енді міне, он төртінші ресми жыл да адамзаттың өңісінде. Ресми жыл.. Иә, ресми жыл бұл Жылқы жылы 22 наурызда келеді. Бабаларымыз солай деген солай тойлаған. Бірақ әлі де құлдық психологиядан арыла алмай жүргендер қазірдің өзінде «Жылқы жылы келді!» — деп кісінеп жүр.

«Қазақстан-ZAMAN» газеті — түркітің газеті. Діни газет». Бір облыстың білдей ішкі саясатының бастығы осылай депті. Кейін білсек, осыны айтып жар салған бауырымыз орысша баспасөзді ғана оқитын, әлі де орыстың психологиясынан арылмаған жан екен. Ең болмаса біздің газетті парақтап қараса, басынан аяғына дейін (тек “ZAMAN” сөзі ғана түрікше) қазақша самсаған мақалаларды көрер еді ғой. Әрине, діни, имани материалдарды арагідік беретіміз рас. Газетімізді парақтап қараған адам оны да бірден байқайды. Сан алуан тақырып аңдыздап алдыңнан жамырай шығып, магниттей тартатыны анық. **05**

**ЖАҢА АЙДАР:
«Қазақстан-ZAMAN»-ның
оқырманмен сауалнамасы**

**Әкім болсаң, қарашаға
қамқор бол!**

1. Әкім қандай болуы керек? Сіздің облыс әкіміңіз көңіліңізден шыға ма?
 2. Әкімшіліктің есігі сізге ашық па, елде?..
 3. Әкімнің қымбат машинаға мініп, зәулім үйде тұруы әділдік пе? Облыс әкімі қарашамен шынайы жүздесе ме?
 4. Әкімдіктің жемқорлықпен күресіне көңіліңіз тола ма? Облыс әкімі қандай жаңалықтар, нәндәй іскерлік шаралар жасады?
- «KZ» ескертуі: Бұл оқырманмен сауалнама жауаптары және облыс әкімі мен әкімшіліктің уәжі газетте жарияланады.

**«Қазақстан-ZAMAN» мен
оқырманның бірлескен
рейтингісі**

«Қазақстан-2050: ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ САУЫҒУЫ МЕН КЕМЕЛДЕНУІ-НІҢ КЕПІЛІ. Рейтинг қорытындысы ай соңында жарияланып тұрады. Облыс, министрлік және басқа да ірі салалардағы көрсеткіш бойынша «Ең, ең көп...» жемқор облыс немесе «Ең, ең аз...» деген атаумен беріліп тұрады. Жыл соңында қорытынды рейтинг жарияланады. Қадірлі оқырман, осы көкейтесті қос мәселеге де белсенді түрде үн қосыңыз!

Сен аман бол, Қазақстан!



Көтеріп көкжиектен делегейін,
Келесің ақ бауыры кемедейін.
Мен болмасам болмайын,
Қазақстан!
Сен аман бол,
Сен үшін мен өлейін.

Сенсіз өмір болады қалай маған,
Шаңдақпайн шартарапқа жел айдаған.
Қаңғырып жүрер едім қай бұрышта,
Қазақстан бермесе арай маған.

Амансың ғой...
Барсың ғой...
Орныңдасың.
Орныңды таппай Құдай қор қылмасын.
Көп көрдік көңіл мұңын,
Елдің жасын,
Жақсылыққа бастағай жолдың басын.

Тоқсан жолдың торабы
Алаңдарсың,
Қараулықтан қаш аулақ
Қараң қалсын.
Құлың болмай сол кезде
қыңқылдасам,
Құдай менің жанымды табанда алсын.

Құлайын Қызылқұмда қызыл нардай,
Ізіннен жатайыншы жүзімді алмай.
Саулығыңды тілейін Жаратқаннан,
Қурап, жанып кетсем де түгім қалмай.

Алаңдама,
Артыңа қарамашы.
Қайда қалмас жігіттің қара басы,
Түк емес, шырылдаса шығар жаным,
Бір жаным —
Бар қазақтың садағасы.

Естідің таудың мұңын, көлдің зарын,
Ұмытпа жердің жайын, елдің қамын.
Ақылыңдар азғанда сұм болады,
Сұмдарды көш басына қондырмағын.

Тілгілеп туырлықты кеспей үшін,
Арқауыңды қылышпен шешпей үшін.
Өмір сүрсем сүрермін,
Дұшпанға айбат,
Өлсем де мен өлейін,
Тек сен үшін.

Ақ сарайың тартатын көз алыстан,
Ақ сәулесі өлемге тарап ұшқан.
Мен болмасам болмаспын,
Сен аман бол,
Жиһандағы жағызым — Қазақстан!

Қазі Данабаев

ДАТ, ТАҚСЫР!

**Қадірлі Нұрсұлтан аға!
Заң жүзеге асса,
5 млн. қазақтан
тірідей айырыламыз**

Бұл менің ғана емес, сырттағы, іштегі «әрбір қазақ — жалғызым» деп ұғынатын миллиондаған бауырларымыздың күдігі мен күйігі. «Құдай бетін әрмен қылсын!» — деп жақсылыққа жорығанмен, бұл — ақиқат. Ел анасы ретінде басымды иіп, райыңыздан қайтып, оралмандарға төрт жыл кешіктіріліп азаматтық берілетін заң жобасын қайта қарауыңызды өтінемін. **05**



Сәуле Мешітбайқызы

МАСҚАРА!

**Өткен жылы
150 млрд.
игерілмей қалды**

2013 жылы 150 миллиард теңге қаражат игерілмей қалса, соның 22 миллиарды ҚР Білім және ғылым министрлігі иелігінде. Денсаулық саласында жоспарланған 100 аурухананың тек 64-і ғана пайдалануға берілген. 92 мектепте балалар өлі ұш ауысыммен оқыса, 189 мектеп апатты жағдайда тұрған көрінеді. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 12 мың долларға жетсе, Ұлттық қордың валюталық активтермен қоса алғандағы халықаралық резерві 90 миллиард долларға тақады. «А» корпусына 573 мемлекеттік қызметші іріктелсе, саяси қызметкерлер саны 7,5 есе қысқарды. Жергілікті жерде 2,5 мың өкім сайланды. Соттар қызметін қамтамасыз етуге 30 миллиард теңге бөлінген, бірақ одан жақсарып кете қойған сот қызметін көре алмадық.

**АЛДАҒЫ НӨМІРДЕН
НЕ ОҚИСЫЗ?**

**Жаңа айдар: Арағайын
Аға сынына жастар неге тулады?
«Қамшыбасар-тұжырым» «Үштілдіктің» жанында қытай тілі төбе көрсетіп тұр. Жаңа айдар: «Қазақстан-2050: Қазақ өлі шарайнада. Жетінші ықылым немесе Түркістан қалай түрленеді?»**

Karlygash Tourism
TURİZM VE SEYAHAT AÇENTASI

Жаңа жылдық сапарларға барлық бағыттар бойынша жеңілдіктер!

Қазақстан бойынша қонақ үйлерді брондау

air astana, turkish airlines, etihad, british airways, klm, mesino, lufthansa

Алматы: Қонаев к., 25 / Макаев к., Тел.: 8(727) 273 09 09
8(727) 273 82 41 / 45, ұялы тел.: 8 701 733 25 25
almaty@karlygashtourism.com, info@karlygashtourism.com

Астана: Кенесары к., 46 / Қошқарбаев к., Тел.: 8(7172) 215 750
8(7172) 216 386, ұялы тел.: 8 701 733 35 35
astana@karlygashtourism.com

Әлемнің барлық бағыттарына ұшақ билеттері.

ИТАЛЬЯНДЫҚ БЕЛГИЯЛЫҚ ТҮРКІ БРЕНДТЕР

TURKUAZ
Ho Re Ca
TURKUAZ Group of Companies

СІЗГЕ ЖАҢА БАҒЫТ ҰСЫНАДЫ: ӘЛЕМГЕ БЕЛГІЛІ БРЕНДТЕРДІҢ АС ҮЙ ЖӘНЕ КІР ЖУУҒА АРНАЛҒАН КӘСІБИ ЖАБДЫҚТАРЫ

ANGELO PO, INOXSAN, TOLKAR, Ormel, kalitegaz, IPSO, KAPP, malcan, REMTA

Сіздердің сұрақтарыңызға +7 (727) 383 20 57 номер арқылы жауап беруге, Сүйінбай даңғылы 89 мекен жайында қарсы алуға дайынбыз

Logitrans
Логистика және жүк тасымалы ұйымдастырушы АУИС

• Құрлық тасымалы • Теңіз тасымалы •
• Әуе жүк тасымалы • Толайым - жартылай тасымалдау •
• Көдендік рәсімдеу • Сақтау қызметтері •

Қызметтері:
- Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия, Польша елдеріне толайым және жартылай тасымалдау және логистика қызметтері
- Толайым және жартылай құрлық тасымалы
- Көдендік рәсімдеу (Түркия — Ресей — Қазақстан)
- Сақтау қызметтері (Түркия — Ресей — Қазақстан)
- Сақтандыру
- Ішкі тасымал қызметтері (Түркия — Ресей — Қазақстан)
- Жобалық тасымалдау мен жолға рұқсат хресттермен рәсімдеу
- Біктірілетін тасымал
- Теңіз тасымалы
- Әуе жүк тасымалы

Орталық / Мәскеу / TR
Тел: +90 (216) 660 1 770
Факс: +90 (216) 660 1 777

Зонгулдак / TR
Тел: +90 372 253 26 06
Факс: +90 372 253 26 02

Росси / RU
OOO LOGITRANS LOGISTICS
Тел: +7 (925) 514 78 02

Алматы / KZ
Сайтұлы к., 408
Ұялы тел.: +7 775 326 71 31,
Тел.: +7 (727) 385 08 73, 385 09 23

HASKOVO / BG
EBOO LOGISTICS GLOBAL SERVICES
Тел: +359 (993) 32121, Моб: +359 (976) 90 20 65

www.logitransport.com